

Құбыр желісі көлігін дамыту жөніндегі жекелеген мәселелер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуір N 513

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша мұнай өндіруші компаниялар әзірлеген экспорттық құбыр желісі жүйелерінің жобаларын зерделеу мен дайындаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 591 қаулысымен. P 0 1 0 5 9 1 _

2. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша):

а) Атырау-Самара мұнай желісінің өткізу қабілетін жылына 15 тоннаға дейін арттырудың жобасын әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етсін;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі тапсырмаларының шарттарына сәйкес Каспий арқылы өтетін мұнайгаз желілерінің және онымен қабаттастырылған көлік жүйелерінің ТЭН-ін әзірлеуді жүзеге асырсын;

в) Қазақстан-Түркменстан-Иран мұнай құбырының жобасы бойынша қажетті техникалық-экономикалық зерттеу жүргізісін.

3. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы"

жабық акционерлік қоғамы Қарашығанақ өнімінің Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша өнімді бөлу туралы келісімнің 7.2-бөлімнің шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Өкілетті Органы - "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы жүргізетін Каспий Құбыр желісі Консорциумының жүйесіне қосылуы жөніндегі мәселелерді талқылауға қатыссын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК